

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы
Байтанасова Қарлығаш Медетқызының
60 жас мерейтойына арналған

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»

атты республикалық ғылыми-әдістемелік
семинар (дөңгелек үстел-диалог)

МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

11 ақпан 2026 жыл



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы
Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған
«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ
ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»
атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог)
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
республиканского научно-методического семинара (круглый стол-диалог)
«МЕТОДИЧЕСКИЕ И МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ
КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ»,
посвящённого 60-летию литературоведа-учёного,
квалифицированного педагога, преподавателя-методиста
Байтанасовой Карлығаш Медетовны

PROCEEDINGS
of the Republican Scientific and Methodological Seminar (Roundtable Discussion–Dialogue)
“METHODICAL AND METHODOLOGICAL FOUNDATIONS OF
KAZAKH LITERATURE”
dedicated to the 60th anniversary of literary scientist, distinguished educator and
educational methodologist **Baitanasova Karlygash Medetovna**

ӘОЖ 821.512.122.0

ББК 83.3 (5Қаз)

Қ17

Жалпы редакциясын басқарған: ф.ғ.к. Бейсенбай А.Б.

Редакция алқасы: С.М. Дүйсенғазы, Ж.Ә. Аймұхамбет, С.Ш. Айтуғанова,
Г.С. Сағынадин, С.А. Сарсембаева.

«Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері» атты әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары. 11 ақпан 2026 ж./ Жалпы редакциясын басқарған: Бейсенбай А.Б.– Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 223 бет.

ISBN 978-601-385-179-2

Жинаққа әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған «Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары енгізілді.

Жинақ жоғары оқу орнының профессорлық-оқытушылық құрамына, орта білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне, докторанттар мен магистранттарға және студенттерге арналған.

ISBN 978-601-385-179-2

ӘОЖ 821.512.122.0

ББК 83.3 (5Қаз)

МАЗМҰНЫ

<i>Құттықтаулар</i>	5
---------------------------	---

ӘДЕБИЕТТАНУ САРБАЗЫ, ӘДІСТЕМЕ ШЕБЕРІ

<i>Тұрысбек Р.С.</i> Ұстаз-ғалым Қ.Байтанасова зерттеулеріндегі С.Мұқанов мұрасы.....	14
<i>Аймұхамбет Ж.Ә.</i> Қарлығаш Байтанасова – ғалым, ұстаз.....	21
<i>Оразбек М.С.</i> Зерделі зерттеуші.....	23
<i>Айтұғанова С.Ш.</i> Ғалым. Әдіскер.Ұстаз.....	28
<i>Ахметова Ж.Қ.</i> Шәкірт жүрегіне жол тапқан ұстаз.....	32
<i>Сағынадин Г.С.</i> Фольклоризм феномені және Қ.Байтанасова зерттеуіндегі фольклорлық дәстүр туралы.....	33
<i>Сердалина С.Қ.</i> Әдіскер-ғалым Қ. Байтанасованың зерттеулеріндегі әдебиетті жоғары мектепте оқытудың кейбір мәселелері.....	37
<i>Алимбаев А.Е.</i> Зерделі ғалымның әдебиеттегі әлемі.....	40
<i>Аманғазықызы М.</i> Жаңа сипатты зерттеу.....	42
<i>Бәшіров Н.Қ.</i> Сөзге адалдық, ғылымға жауапкершілік.....	45
<i>Қасен А.Т.</i> Ғылымға қызмет еткен ұстаз.....	47

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ: ІЗДЕНІС ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

<i>Жұмагұл С.Б.</i> Тоталитарлық жүйе қысымында қазақ әдебиетін оқытудағы кейбір түйткілдер хақында.....	50
<i>Қасенов С.Т., Мукашева М.К.</i> Қ.Бітібаеваның әдістемесі негізінде жазылым дағдысын дамытудың жолдары.....	54
<i>Қапантайқызы Ш.</i> Әдебиетші ұстаз Қ.Бітібаева еңбектерінің құндылық бағдары.....	58
<i>Шапауов Ә. Қ., Қадыров Ж.Т., Есбатырова Ж.З.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда әдеби талдау дағдыларын қалыптастыру.....	67
<i>Қылышбаева К.А.</i> Қазақ тілін меңгертудегі көркем шығарманың рөлі.....	72
<i>Шоқай М.Т.</i> Жаңғыртылған Блум таксономиясы: прозалық туындыны оқыту мен талдаудың тиімді жолдары.....	78
<i>Жорашова А.М.</i> Көркем мәтіндегі автор категориясын оқытудың тиімді жолдары (үлгілік оқу бағдарламасы негізінде).....	84
<i>Ғалымжанова З.Т.</i> Жоғары оқу орындарында Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» мемуарлық романын оқыту әдістері.....	93
<i>Ильясова Г.Ж.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда мақал-мәтелдер арқылы кейіпкер мінезін интерпретациялау.....	98
<i>Алыбаева А.У.</i> Читательская грамотность – базовый компонент функциональной грамотности.....	103
<i>Атекеева А.Е.</i> Әдебиеттік оқу пәнін оқыту әдістері.....	107
<i>Аяпбергенова К.С.</i> Развитие педагогической науки: традиции и перспективы.....	111

<i>Байдаулетова З.М.</i> Жасанды интеллект заманындағы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.....	117
<i>Ермаганбетова А.Ж.</i> Сюжеттік мәтіндерді оқытуда Storytelling: әлеуметтік жобаларды интеграциялау тәжірибесі.....	120
<i>Жумагулова Ж.Д.</i> Жаһандану жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби күзіреттілік моделін қалыптастыруда Қ.Бітібаеваның педагогикалық мұрасының маңыздылығы.....	125
<i>Кабдулова А.Т.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	128
<i>Серикова Ш.Ж.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемесі.....	132
<i>Утибаева М.Б.</i> Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісін жаңғыртудағы жасанды интеллект технологияларының рөлі.....	134
<i>Ибрагимова Г.П.</i> Көркем шығармадағы сөздердің тілтанымдық мәнін оқыту (М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы бойынша).....	138
<i>Карагожина М.М.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	140
<i>Мырзахметова Ж.Д.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік негіздері.....	143
<i>Нұрмахан А. Ә.</i> Әдебиетті оқыту әдіснамасы: проблемалық жағдаяттарды қолдану.....	145
<i>Сенбиева Н.К.</i> Қазақ әдебиеті сабақтарында ұлттық құндылықтарға бағдарлай оқыту жолдары.....	152
<i>Шагирова Д.Р.</i> Әдебиет пәнін оқытудағы жасанды интеллекттің педагогикалық мүмкіндіктері.....	157
<i>Мұса А.С.</i> Креативті жазылымдағы әдіс-тәсілдер.....	160

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ФИЛОЛОГИЯ

<i>Негимов С.Н.</i> Қазақ тілінің өзін білуші жоқ, мәнісін білуші де жоқ.....	167
<i>Мукажанова Л.Г.</i> Культурологические связи русской и казахско поэзии: переводческие аспекты.....	178
<i>Кемеңгер Қ.Р.</i> «Алаш» сөзі: ментальдық-рәміздік негізі.....	189
<i>Бактығалиева Э.С.</i> «Құлагер» поэмасы және ұлттық код: тарихи тұлға Ақан серінің визуалды-нарративтік бейнесі.....	194
<i>Құлишар Б.М.</i> Балалар әдебиетіндегі күлкі поэтикасы: мазақтама мен мөлтек мысалдың тәрбиелік қызметі.....	198
<i>Бағзат Е.</i> Жүсіпбек Аймауытұлы әңгімелеріндегі баяндау жүйесі мен көркемдік кеңістік.....	203
<i>Әбдірасұл Ж.Т.</i> Абай поэзиясындағы «адам» ұғымының берілу сипаты..	208
<i>Сыдық З.С.</i> Қазақ және моңғол демонологиясының ортақ қабаты және діни трансформациясы.....	213
<i>Әлімбаев А.Е.</i> Мұхтар Әуезов шығармаларындағы әділет пен адалдық идеялары.....	219
<i>Аренова Ж.</i> Фариза - ұлт поэзиясының жыршысы.....	222

Қ.Байтанасова университеттегі, республиканың жоғары оқу орындарында өтетін ғылыми конференцияларға, сондай-ақ ғылыми жобалар конкурсына студенттер мен магистранттарды дайындап, олардың ғылыми бағыттағы ізденістеріне жетекшілік жасауда жүйелі түрде еңбек етіп келе жатқан ұстаз. Оның студент шәкірттері ҚР Жоғары оқу орындары студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстары байқауында жүлделі орындарды иеленген.

Қ.Байтанасова ғылыми-педагогикалық салада өзін білімі терең, білігі мықты, жауапкершілігі зор ғалым әрі ұстаз ретінде танытқан жан. 2018 жылы «ЖОО үздік оқытушысы» грантының иегері атануы да осы көп жылғы адал еңбегінің жемісі.

Қарлығаш Байтанасова – әдебиеттану ғылымында өзіндік қолтаңбасы бар ізденімпаз ғалым, әдебиетті оқытуда озық әдістеме мен жаңашыл технологияны меңгерген білікті ұстаз ретінде қанша буын филолог мамандарды даярлауға зор үлесін қосуда. Ол – бір сөзбен айтқанда әдебиетке ғылыми жағынан да әдістемелік тұрғыдан да, ұстаздық тағлымды үлгісімен де еңбегін сіңірген зор құрметке, ерекше ілтипатқа лайық ғалым, әдіскер, ұстаз.

Оразбек Мақпал Социалқызы

филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан

ЗЕРДЕЛІ ЗЕРТТЕУШІ

(Ғалым Қарлығаш Байтанасованың зерттеулері жайлы бірер сөз)

Академик Зәки Ахметов досы Зейнолла Қабдоловтың шығармашылығы туралы мақаласында ғалымның күш-қуатын, үлкен адамгершілік-парасатын жоғары бағалап, мынанадай сөздер арнаған еді: «Қанша кудым, жеттім десең де, әлі атқарылмаған істер алдағы аспаған асудай бой көрсетіп тұрады. Осындай ұзақ жолда шаршап-шалдықпай еңбек ету үшін жазушыға, ғалымға сарқылмас күш-қуат, жігер-қайратқа қоса дарқан дарын, зор шабытқа қоса үлкен адамгершілік, парасаттылық қажет» [1.327] деген болатын. Академиктің досына арнаған осы жалынды сөзін ғалым Қарлығаш Байтанасоваға да арнауға болады. Өйткені өмірін ғылым мен ұстаздыққа арнаған ғалымның бойында сарқылмас күш-қуат, жігер-қайратқа қоса дарқан дарын, зор шабытқа қоса үлкен адамгершілік, парасаттылық тән екенін оның замандастары, дос-жарандары мен әріптестері, шәкірттері барлығы біледі, бағалайды, құрметтейді.

Ғалымның қаламынан туған әдебиеттану саласындағы зерттеулері мен оқу құралдары бірегей, салмақты, зерделі еңбектер. Атап айтатын болсақ: «Эмиграция әдебиеті: көркемдік даму мен сабақтастық. Монография» (Астана, 2013), «Әдебиеттануға кіріспе» (Оқу құралы) (Эверо, 2018), «Әдебиеттануға кіріспе пәнінің практикумы» (Астана, 2015), «Көркем мәтін және мекеншак сипаты. Монография» (Эверо, 2018), «Фольклортану теориясының негіздері» Монография (Эверо, 2018), «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» т.б. еңбектері

еліміздің жоғары оқу орындарында ғалымдар мен білім алушыларға танымал еңбектер екені ақиқат.

«Әдебиеттануға кіріспе» (Эверо, 2018) оқу құралының ерекшелігі – әдеби категориялар мен ғылыми-теориялық ұғымдардың анықтамасын, қалыптасу және даму, зерттелу кезеңдерін шағын көлемді мәтіндерде жүйелі түрде түсіндірген еңбек. Басқа оқу құралынан артықшылығы – әдеби жанрларды жан жақты қарастыруында. Әрбір жанрдың әрқайсысының атауына сәйкес, табиғатына тән эстетикалық, мәдени-танымдық ерекшеліктерін көркем шығармалардан мысал келтіре отырып, мәтіндерді талдау барысында анықтап береді. Сондай-ақ басқа «Әдебиеттануға кіріспе» оқулықтарында кездеспейтін «Әңгіменің жанрлық ерекшелігі», «Хикаяттың жанрлық ерекшелігі», «Романның жанрлық ерекшелігі», «Өмірбаян жанрының ерекшелігі», «Эссенің жанрлық ерекшелігі» деп аталатын тарауларда жанрдың әрбір түрі бойынша нақты жанрлық белгілері мен әрбір жанрға тән канондық ерекшелігіне, мәтін құрылымына, кейіпкерлер жүйесіне, көркем шындық пен тарихи деректердің сюжеттік оқиғада бейнеленуі мен аталған жанрлардағы уақыт пен кеңістіктің жанр табиғатын айқындаудағы роліне, әдеби процеспен арақатынасына жан жақты тоқталған. Жоғарыдағы әдеби жанрлардың канондық мәселесін айқындап, білім алушыларға ара жігін анықтап берген.

Жанрдағы канон мәселесі – әдебиеттануда жанр табиғатын, оның тұрақты белгілері мен тарихи өзгермелілігін түсіндіретін маңызды теориялық мәселе. Канон (грек. *kanon* – өлшем, үлгі, ереже) – белгілі бір жанрға тән тұрақты құрылымдық белгілердің, әдеби шығарманың композициялық принциптері мен стильдік нормаларының жиынтығы. Жанр үнемі дамып отырады, ал канон әрбір жанрдың белгілі бір дәуірдегі нормасы және кез келген дәуірде әдеби дәстүрді сақталуы екенін естен шығармауымыз керек. Абай қазақ поэзиясында канонды жаңартса, М.Әуезов «Абай жолы» роман эпопеясында роман канонын ұлттық мазмұнмен, бір ұлттың белгілі бір кезеңдегі тарихи оқиғалары мен әдет-ғұрпын бейнелеумен толықтырды. Сондықтан Қ.Байтанасова еңбегінде романның жанрлық ерекшелігін: «романның жанр тудырушы факторлары – сюжеттік-композициялық жүйе, уақыт пен кеңістік, баяндау, кейіпкерлер – шын мәнінде бұл жанрдың көркем құрылымын жан-жақты ашып берді. Көркем мәтін – тұтас құрылым болса, оның ішінде роман – көп үнді тілдік құбылыстардың жиынтығы» [2.55] деп, романның жанр тудырушы факторларына уақыт пен кеңістіктің суреттелуін, кейіпкерлер мен романның сюжеттік-композициялық жүйесін және көп үнділікті нақты атап көрсетеді. Сондай-ақ «романның көркем түрде ұйымдасқан, әр түрлі әлеуметтік көпүнділік арқылы заттық-танымдық заттық-танымдық өмірді суреттейтін жанр екеніне жете мән береді. Демек, ғалым Қ.Байтанасова романда әртүрлі әлеуметтік топтардың, кәсіп иелерінің, мәдени орта өкілдерінің тілдік, идеялық, дүниетанымдық ерекшеліктерінің қатар берілуіне назар аударған. Оны нақты түсіндіретін болсақ, әлеуметтік көпүнділіктің белгісі романда қарапайым халық тілі, зиялы қауым тілі, ресми стиль, кәсіби, аймақтық диалектілер мен философиялық дискурстың, діни, ғылыми, тұрмыстық сөйлеу түрлерінің қолданылуы.

Сонымен қатар аромандағы втор үні мен әртүрлі әлеуметтік топтардың дауысы, кәсіп иелерінің дауысы қоғамдағы саналардың қақтығысын көрсетеді.

«Өмірбаян жанрының ерекшелігі» тарауында белгілі әдебиеттанушы ғалымдар Л.Гинзбург, С.Розанова, Қ.Әбдесұлының пікірлеріне сүйене отырып, өмірбаяндық жанр тарихи тұлғалардың өмірін суреттеуде белгілі бір кезеңдегі қоғамның, заманның тарихи шындығын, сол замандағы адамдардың тұрмыс-салтын, қалыптасқан рухани-мәдени жағдайлар мен адам мінезін шынайы суреттейтін жанр екендігін көрсете отырып, оған тән нақты жанрлық ерекшеліктерді, нақты айтқанда: «баяндау бірінші жақтан жүретінін, грамматикалық, стилистикалық және құрылымдық ерекшелігі болатынын, жазудың ментальді ерекшелігі сақталатынын, жеке тұлғаның мәдени-дербес туындысы ретінде субъективтік қабылдау мен пайымдардың назарға алынып отыратынын» [2.71] назарға ала отырып, өмірбаяндық шығармалардың тууына «кезеңдік тарихи оқиғалар», дәуірдегі елеулі жағдаяттар себеп болатынын анықтап береді.

«Эссенің жанрлық ерекшелігі» тарауында эссе жанрының өмірбаян, күнделік, исповедь түрлерінен айырамшылығын анықтап берген. «Өмірбаян «менді» бұрын болған, өткен жағыдайлардың аясында ашады, күнделік болып жатқан, осы шақтағы жағдайларды тізбелейді, исповедь (мінәжат) болашаққа бағыттталып, соның алдында есеп береді, өзімен-өзі қалып, кешірім мен тәубе сұрайды. Осы үш жанрдың да элементтері эсседе көріне алады, бірақ эсседе «мен» тұтас, үздіксіз, баяндау тақырыбына түгелдей кіріккен түрде емес, баяндаудағы үзінді түрінде көрінеді, «мен» өзінен ерекшеленетіні соншалық, тіпті «мен» түрінде көрінбеуі де мүмкін» [2.67] деп, эсседегі «мен» кейде ашық көрінсе, кейде жасырын қалатыны, автор өзін тікелей атамай, сырттай тұрып мәселенің мәнін бағалау, сынау, көру мүмкіндігіне ие болатынын айқындайды. Сондықтан ғалымның бұл көзқарасынан «мен» көбіне ұлттық, мәдени сана арқылы көрінетінін, автор өзін қоғаммен байланыстыра көрсететінін, жеке тағдырдың ұлт тағдырына, қоғам тағдырына, заман шындығына ұласатынын байқаймыз. Бұдан шығатын қорытынды эсседегі «менді» оқырман қалай танитынына мән берсек, эсседегі «мен» кейіпкер емес, баяндаушы емес, ол – ойлаушы субъект. Бұл – көркем шығармадағы образ емес, сананың көркем формасы. Эссені жазған адам санасының көркем формасы.

«Әдебиеттануға кіріспе» оқу құралының білім алушыларға жан-жақты талдап, түсіндіретін тарауы – «Көркем шығармадағы кеңістік пен уақыт бірлігі» тарауы. Әдеби жанрлардағы уақыт пен кеңістіктің суреттелуі – көркем шығарма құрылымындағы ең маңызды поэтикалық категориялардың бірі. Бұл ұғымдар әдебиеттануда М. Бахтин енгізген хронотоп термині бойынша анықталады. Хронотоп – шығармадағы уақыт пен кеңістіктің бірлікте ұйымдасу формасы. Ғалым Қ.Байтанасова «Кеңістік пен уақыт аралығында үнемі жалғасып отыратын күрделі байланыс бар. Автор өткен мен бүгінді бір шығарманың аясында тоғыстырады. Көркемдік кеңістік автор қиялында өзгеріп, жаңғырып, кеңейіп немесе тарылып отырады да, бүтін бір құралым жасайды.

Автор шығармашылық иесі ретінде адамзатты ойландырып, тіршілігіне із қалдырған жайттарды көркемдік дүниетанымынан өткізіп, белгілі бір уақыт

және кеңістікке сыйғызады» [2.78] деп, суреткер шығармадағы оқиғаларды суреттеу барысында бір ғана уақытты емес, «өткен мен бүгінді», яғни бұрынғы уақыт пен қазіргі уақытты да суреттейтінін, соған сай «көркемдік кеңістік автор қиялында өзгеріп, жаңғырып, кеңейіп немесе тарылып отыратынын да жете мән береді. Сонымен қатар «уақыт пен кеңістіктің көркем шығармада тек кейіпкерге ғана тиесілі емес екенін, көптеген зерттеушілер наза аударған: «Уақыт пен кеңістік фабуласы;

- Сюжеттік уақыт пен кеңістік;

- Авторлық уақыт пен кеңістік;

- Кейіпкердің уақыты мен кеңістігіне» [2.80] жан-жақты тоқталып, көркем шығармадағы аталған мәселелердің мәнін мәтіндерді мысал келтіру арқылы талдап, түсіндіреді. «Сюжеттік уақыт пен кеңістік шығарма мазмұнын толық қамтиды. Автордың суреттейтін оқиғасы кейде белгілі хронологиялық шектен тыс та болады» [2.81] деп, сюжеттік уақыт – көркем шығарма мазмұнында автор суреттеп отырған кезең және оқиға болып жатқан мезгілі екенін аңғартса, ол оқиғаның «хронологиялық» болмайтынына да мән береді. Ал кейіпкердің уақыты мен кеңістігі турасында ғалым: «Кейіпкердің уақыты мен кеңістігі өздері қатысатын әрекет аясында өзге кейіпкерлермен әр тарапты байланысында көрінеді. Автор шығармасында кейіпкері қатысатын оқиғаны кең түрде де, сығымдап, оңтайландырып та береді. Соған орай баяндау, суреттеу, диалог, монолог түрлері қатысады» [2.82] деп, көркем шығармадағы кейіпкер уақыты мен кеңістігі кейіпкердің әрекет етіп жатқан кездегі әр түрлі басқа кейіпкерлермен белгілі бір уақыттағы байланысын, сондай-ақ монолог, диалог, баяндаулар арқылы оқиғаның өрбу логикасын, кейіпкер мінезінің ашылуын, автордың дүниетанымын айқындайтынына мән береді. Сондықтан кейіпкер уақытында көбіне сәттік, мезеттік оқиға субъективті екенін және «қазір», «осы мезет» басты орын алатыны, ал өткен мен болашақ естелік немесе қиял түрінде берілетінін ескеруіміз керек.

Оқу құралында әдеби ағым-бағыттар, әдеби даму, көркемдік стиль, тақырып пен идея, көркем туындының сюжеттік және композициялық құрылымы жан-жақты қарастырылған. «Әдеби даму арқылы жаңа құбылыстар, дәстүр жалғастығы орнығады. Мәселен, XX ғасыр әдебиеті тарихи-қоғамдық өзгерулер мен жаңаруларды бейнелей отырып, идея жалғастығын, жанрлардың тууын, кейіпкерлер жүйесінің қалыптасуын көрсетті» [2. 18] дей келе, көркем әдебиеттегі идея, жанр, кейіпкерлер жүйесі мәселесін басқа тарауларда тереңінен, әр түрлі қырынан зерттейді.

Бұл кітап оқу құралы болғандықтан барлық тараулар бойынша өздік жұмыс тақырыптары мен тест сұрақтары жүйелі, тиянақты қамтылған. Тест сұрақтарында тарауларда көтерілген мәселелер нақтыланып, сұрақтар анық, түсінікті қойылған. Оқу құралы жоғары оқу орындарында студенттердің әдеби-теориялық категориялар туралы терең білім алуына үлес қосады. Осы оқу құралындағы әдеби-теориялық категорияларды меңгерту мақсатында ғалым практикумын жарыққа шығарды.

«Әдебиеттануға кіріспе» пәнінің практикумы (Оқу құралы) кітабы қазіргі оқу процесінде сұранысқа ие еңбектің бірі. Себебі еңбекте әдеби

категориялар мен теориялық ұғымдарды, терминдерді жүйелеп, бір ізге түсіріп, білім алушылардың түсінігіне лайықтап көркем мәтін талдауды үйретудің алғы шарттарын қалыптастырған. Ол туралы ғалымның өзі: «Әдебиеттануға кіріспе» пәнінде студенттер әдебиеттану ғылымы, оның салалары, әдеби деректер, зерттеулер, библиография, көркем мәтін мен әдеби-теориялық ұғымдар туралы дәрістер тыңдап, әдеби талдау жасау, мәтін талдау секілді әдеби-теориялық бағыттағы жұмыстарды орындады. Енді практикүмде студент әдеби ғылымның мәні мен мақсаты туралы түсініп, әдеби терминдер мен ұғымдарды танып, мәтін талдаудың жолдарын игереді» [3. 5] деп көрсетті.

«Әдебиеттануға кіріспе» оқу құралында меңгерген теориялық категориялар мен ұғымдарды көркем мәтіннен талдаудың жолдарын үйрету үшін еңбек екі бөлімнен тұрады. Біріншісі әдеби-теориялық ұғымдарды қамтыған анықтамалық, екінші бөлім көркем мәтінді талдаудан тұрады. Анықтамалықта әдеби терминдердің қысқаша анықтамасы мен мысалдары анық, түсінікті жазылған. Қазір мектеп оқулықтарында автор бейнесі, авторлық ұстаным, автор идеясы, автор мен кейіпкер мәселесін көркем мәтіннен талдау тапсырма түрінде ұсынылған. Бірақ мектеп мұғалімдері үшін автор категориясы туралы теориялық еңбектерді оқып-түсіну оңайға соқпасы анық. Сондықтан бұл практикүмде осы ұғымдарды анық, түсінікті тілмен беруі артықшылығы болып саналады. Сондай-ақ практикүмде әдеби реминисценция, акмеизм, амплификация (кеңейту), анаколуф, жанрлық формалар, имманентті талдау, оксюморон, психологиялық портрет, макробейне, мегабейне, микробейне, нарратология сияқты теориялық ұғымдардың мазмұнын, қызметін, мәнін жүйелі және бірізді түсіндіріп берген.

Әдеби теорияда анықтама ұғымды дәл түсінуге көмектеседі, ғылыми талдаудың негізін құрайды, әртүрлі пікірлерді жүйелейді, әдеби мәтінді кәсіби деңгейде түсіндіруге мүмкіндік береді. Әдеби ұғымдардың әдебиеттанудағы маңызы мектеп пен ЖОО бағдарламасының негізі және зерттеудің методологиялық тірегі болуында. Қ. Байтанасованың еңбегінде ғылыми анықтаманың негізгі белгілеріне сәйкес әдеби терминдердің мағыналық өзегі ашылған, ғалымдардың ғылыми пікірлеріне сүйеніп қысқа әрі нақты тұжырымдалған және көркем мәтіндегі мысалдармен дәйектелген. Сондай-ақ субъективті емес, ғылыми стильде жазылған.

«Әдебиеттануға кіріспе» пәнінің практикүмы көркем әдебиетті ғылыми тұрғыдан тануға мүмкіндік беретін негізгі терминдердің мағынасын дәл, жүйелі, бірізді түрде ашып көрсетуге негізделген. Екінші тараудағы талдауға батырлар жырынан, Бұқар жырау, Шернияз Жарылғасұлы, Дулат, Сара Тастанбекқызы, зар заман ақындары мен Ыбырай, Абай, Ш.Құдайбердіұлы, Ақыт Үлімжұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, С.Мәуленов, Қ.Аманжолов сияқты ХХ ғасырдағы белгілі ақын-жазушылардың өлеңдері мен шығармаларынан үзінділер берілген. Жоғарыдағы Қ.Байтанасованың оқу құралы мен практикүмындағы басты методологиялық принциптер: гуманистік принцип (оқушы – тұлға), тұлғаға бағдарланған оқыту: әдеби терминдердің мазмұнын, анықтамасын түсіндіру, мәдениеттанымдық тәсіл: әдебиет – мәдени код, құзыреттілік тәсіл: оқу, талдау, интерпретация дағдыларын қамтыған.

Бұл оқулықтар еліміздің жоғары оқу орындарының оқу процесінде қолданылып жүргендіктен маңызы өте зор. Ғалым Қарлығаш Байтанасова ғылыми зерттеу жазумен бірге әдебиетті оқытудың, көркем шығарма талдаудың әдістері мен әдіснамасын меңгерту мақсатында бұдан басқа да еңбектер жазды. Оқу құралын жазудың маңызы – білім беру жүйесіндегі ең өзекті ғылыми-педагогикалық мәселелердің бірі. Әдебиеттану оқу құралы – тек ақпарат беру емес, әдеби категориялардың мазмұнын ғылыми негізге сүйеніп зерттеу нәтижесінде тиянақты түсіндіретін, оқытудың әдісін және бағытын жүйелейтін негізгі дидактикалық құрал. Қ. Байтанасованың оқу құралы – «Әдебиеттануға кіріспе» пәні бойынша әдеби категорияларды бір ізге түсіріп, жүйелеген, оқыту мақсатына бейімдеп, теориялық білімді практикаға, әдеби мәтінді талдауға ұштастырған ғылыми-педагогикалық еңбек деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахметов З. Асыл сөз арнасы: Зерттеу, сұхбат, сын//Құраст.Оразбек М., Зәкиұлы М. – Алматы: «Арда», 2008. – 400 б.
2. Байтанасова Қ. Әдебиеттануға кіріспе. Оқу құралы. – Алматы: «Эверо», 2018. 116 б.
3. Әдебиеттануға кіріспе пәнінің практикумы (Оқу құралы)

Айтуғанова Сәулеш Шамшақызы

Филология ғылымдарының кандидаты, профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ҒАЛЫМ. ӘДІСКЕР. ҰСТАЗ.

Ұлттық мұраны ғылыми тұрғыда зерделеу, оны оқу үдерісінде тиімді пайдалану және жас зерттеушілерді дайындау – бір-бірімен сабақтас үдерістер. Жоғары оқу орнында қызмет ететін ғалымдар ғылыми-зерттеушілік қызмет пен педагогикалық тәжірибені өзара сабақтастықта дамыта отырып, ұстаздық пен әдіскерлік қызметті біртұтас жүйе ретінде қарастыра білуі керек. Осы тұрғыдан алғанда, ғылыми ізденіс пен педагогикалық тәжірибені, әдістемелік жаңашылдықты үйлестіре білген ғалымдардың еңбегі айрықша маңызды.

Филология ғылымдарының кандидаты, профессор, әдебиеттанушы-ғалым, жоғары оқу орнының үздік оқытушысы Қарлығаш Медетқызы Байтанасова – қазақ әдебиеттану ғылымы мен жоғары білім беру саласында нәтижелі еңбек етіп келе жатқан осындай көпқырлы тұлғалардың бірі. Бұған Қарлығаш Медетқызының «Сәбит Мұқанов шығармаларындағы фольклорлық дәстүр», «Эмиграция әдебиетіндегі идеялық-көркемдік сабақтастық», «Көркем мәтін және мекеншақ сипаты», «Ғылым кеңістігі және әдебиеттану», «Эстетика және әдебиет» монографиялары, оқу үдерісіне арналған «С.Мұқанов және фольклорлық дәстүр мәселесі», «XVIII ғасырдағы жыраулар поэзиясы», «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» (С.Айтуғановамен бірге), «Орыс қаламгерлері шығармаларының эмигранттық кезеңі», «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (Ж.Аймұхамбетпен бірге), «Фольклортанудың теориялық негізі», «Әдебиетті